

КІТАПХАНАЛЫҚ-АҚПАРАТТЫҚ ОРТАЛЫҚ



М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің кітапханалық-ақпараттық орталығы (<http://lib.dulaty.kz>) - университеттің маңызды құрылымдық бөлімінің бірі. КАО-тың 22 кітап беру пункттері (4 абонемент, 1250 орынды 18 оқу залдары) 6 оқу кампустарында 4728,55 м² алаңда орналасқан.

Жалпы КАО-тың кітапханалық қоры – 1 288 954 дананы құрайды. Сонымен қатар меншікті және сатып алынған электрондық ресурстардың 482 442 толық мәтінді құжаттарына қол жеткізу ұсынылады (9 - отандық және шетелдік лицензиялық деректер базалары, ҚР БҒМ Ұлттық жазылымы бойынша).


Жылына кітапхана 15 000-нан аса оқырмандарға 24/7 режимде қызмет көрсетіледі. Орта есеппен онлайн және офлайн форматта құжат беру көлемі 1 млн. 300 мыңға жуық.

Кітапханалық-ақпараттық орталығы «БІР ТЕРЕЗЕ» қағидаты бойынша «КІТАПХАНА 24/7» форматында қызмет көрсететін ақпараттық, білім беру және мәдени ордасы.

«Open space» форматындағы кітапханалық қызмет көрсету жүйесі әртүрлі қажеттіліктері бар оқырмандар үшін ресурстардың барынша ашықтығы мен қол жетімділігін қамтамасыз етеді. Оқу залдарында барлық ресурстары еркін пайдалану мүмкіндігі жасалынған, жаңа жиһаздармен және заманауи құрылғылармен жабдықталған, Wi-Fi қол жетімді.

Кітапханада жастардың шығармашылық белсенділігін ынталандыратын еркін қарым-қатынас пен өзін-өзі дамытуға қолайлы:

- тренингтер өткізу, жеке және топтық жұмыс жасауға арналған «COWORKING ZONE», «Creative Zone», «103–ТОРТҮҚ JUMYS АИМАҒЫ»;
- жастар арасында кітапхананың рөлін күшейту және оқуға баулу мақсатында «101 - ОҚҰ АИМАҒЫ», «104 - DEMALY АИМАҒЫ»;
- «102 – INTERNET АИМАҒЫНДА», электронды оқу залдарында-ақпараттық және медиа сауаттылығын жетілдіруге арналған бағдарламалар жүргізіледі.



Электронды каталогта кітапхана қорында жинақталған баспа құжаттары (оқулықтар, оқу құралдары, оқу-әдістемелік басылымдар, монографиялар, көркем әдебиеттер, авторефераттар мен диссертациялар және т.б.), электронды ресурстар, CD (DVD) тасымалдағыштардағы электрондық құралдар және құжаттардың электронды көшірмелері (толықмәтінді электронды ресурстар) туралы ақпаратты көрсетеді. <http://e-lib.dulaty.kz/kk/>

Кітапхана дәстүрлі қызметтермен қатар онлайн қызметтерді ұсынады: «Онлайн қызмет көрсету», «Виртуалды анықтамалық қызмет», «Құжаттарды электронды жеткізу», «Кітапты онлайн ұзарту», «Кітапқа электронды тапсырыс беру», «ӘОЖ онлайн индекстеу».

Кітапхана сайты: (<http://lib.dulaty.kz>)

Instagram - https://www.instagram.com/lib_du

Facebook - <https://www.facebook.com/lib.DU>

ВКонтакте - https://vk.com/lib_du

Кітапхананың жұмыс жасау уақытысы – сағ: 9.00-дан 18.00 дейін

Сенбі күні - сағ: 9.00 - 14.00 дейін

Оқу залы - сағ: 8.30 - 18.00 дейін

